ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Жол көлігі

МЕХАНИКАЛЫҚ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТІРКЕМЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖАРЫҚ ҚАЙТАРҒЫШ БЕТТЕРІ БАР МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ НӨМІР БЕЛГІЛЕРІ

Техникалық шарттар

ҚР СТ 986-2003

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

Алғысөз

1 «ЛАТОН фирмасы» ЖШС **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 2003 жылғы 20 маусымдағы № 209 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2008 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

4 ҚР СТ 986-95 "Көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне арналған жарық қайтарғыш жабулары бар мемлекеттік тіркеу белгілері. Техникалық шарттар", ТШ 640 ҚР 3042787-1-95 "Көлік құралдарына арналған тіркеу нөмір белгілеріне дайындамалар **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

5 Осы стандарт ХС ИСО 7591-82 "Жол көлігі. Көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне арналған шағылатын беттері бар нөмір белгілері. Техникалық талаптар" ескеріп әзірленді.

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің рұқсатынсыз Қазақстан Республикасы аумағында ресми басылым ретінде толық немесе жартылай бөлшектеліп жарыққа шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Анықтамалар	2
4	Тұрпаттары және құрылымы	2
4.1	Нөмір белгілерінің тұрпаттары	2
4.2	Нөмір белгілерінің сериялары	4
4.3	Нөмір белгілерінің құрылымы	4
5	Техникалық талаптар	6
6	Қабылдау ережелері	12
7	Бақылау әдістері	13
8	Нөмір белгілерін пайдалану және қондыру жөніндегі нұсқаулар	18
9	Тасымалдау және сақтау	19
10	Дайындаушы кепілдіктері	20
	А қосымшасы (міндетті). Нөмір белгілерін белгілеу үлгісі	21
	Б қосымшасы (міндетті). Әріптер көлемі	23
	В қосымшасы (міндетті). Сандар көлемі	24
	Г қосымшасы (міндетті). Жүргізуші жаднамасы	25
	Д қосымшасы (міндетті). Нөмір белгілерінде қорғау элементтерінің орналасу сызбасы	27
	Е қосымшасы (анықтамалық). Библиография	28

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Жол көлігі

МЕХАНИКАЛЫҚ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТІРКЕМЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖАРЫҚ ҚАЙТАРҒЫШ БЕТТЕРІ БАР МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ НӨМІР БЕЛГІЛЕРІ

Техникалық шарттар

Енгізілген күні 2004-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт тіркелетін механикалық көлік құралдарының (бұдан әрі - көлік құралдары) және олардың тіркемелерінің барлық түрлеріне белгіленетін, жарық қайтарғыш беттері бар мемлекеттік тіркеу нөмір белгілеріне (бұдан әрі - нөмір белгілері) таралады.

Стандарт тұрпаттарды, құрылымды, көлемін, сапа және қауіпсіздік талаптарын, қабылдау ережелерін және бақылау әдістерін, тасымалдау ережелерін, нөмір белгілерді сақтау және пайдалануды белгілейді.

Ескерту-Тіркелетін көлік құралдарының тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіпте анықталады.

Осы стандарт талаптары міндетті болып табылады.

Жол қатынасы қауіпсіздігін, халықтың өмірі, денсаулығы және мүлкін сақтауды, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған нөмір белгілеріне қойылатын талаптар 5.3.10, 5.3.11, 5.4 -5.15 баяндалды.

Стандарт Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері, ішкі және шекара әскерлері көлік құралдарының нөмір белгілеріне таратылмайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылған:

ГОСТ 12.1.005-88 ЕҚСЖ. Жұмыс аумағы ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.

ГОСТ 12.2.003-91 ЕҚСЖ. Өндірістік жабдықтар. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 166-89 Штангециркульдер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 380-94 Әдеттегі сапалы көміртекті болат. Маркалар.

ГОСТ 427-75 Өлшеуіш металл сызғыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 597-73 Сызба қағазы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1412- 85 Құйып алуға арналған пластинкалы графиті бар шойын. Маркалар.

ГОСТ 3489.2-71 Баспахана шрифты. Журнал гарнитурасы (орыс және латын негіздегі алфавиттерге арналған). Тағайындалуы. Суреті. Шрифт сызығы. Сиымдылығы.

ГОСТ 3489.17-71 Баспахана шрифты. «Балтика» гарнитурасы (орыс және латын негіздегі алфавиттерге арналған). Тағайындалуы. Суреті. Шрифт сызығы. Сиымдылығы.

ГОСТ 4677-82 Шамдар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 7721-89 Түс анықтауға арналған жарық көздері. Тұрпаттар. Техникалық талаптар. Таңбалау.

ГОСТ 9142-90 Бүрмеленген картоннан жасалған жәшіктер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 10354-82 Полиэтилен пленкасы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13726-97 Алюминий және алюминий қорытпалардан жасалған таспалар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14192-96 Жүктерді таңбалау.

ГОСТ 15150-69 Машиналар, аспаптар және басқа техникалық бұйымдар. Түрлі климаттық аймақтарға арналған орындамалар. Сыртқы ортаның климаттық факторлары әсері бөлігінде санаттар, пайдалану шарттары, тасымалдау және сақтау.

ГОСТ 21444-75 Борлы қағаз. Техникалық шарттар.

3 Анықтамалар

Осы стандартта “Қазақстан Республикасында жол қатынасы қауіпсіздігі ережелерін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 желтоқсандағы № 1650 қаулысына сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

4 Тұрпаттары және құрылымы

4.1 Нөмір белгілерінің тұрпаттары

Келесі нөмір белгілерінің тұрпаттары белгіленеді:

а) 1 Тұрпат-заңды тұлғалардың жеңіл автомобильдеріне арналған алдыңғы, сонымен қатар артқы нөмір белгілері, заңды тұлғалардың жүк автомобильдері мен автобустарына арналған алдыңғы нөмір белгілері.

б) 1 А Тұрпаты - жеке тұлғалардың жеңіл автомобильдеріне арналған алдыңғы және артқы нөмір белгілері және де жеке тұлғалардың жүк автомобильдері мен автобустарына арналған алдыңғы нөмір белгілері.

в) 2 Тұрпат-заңды тұлғалардың жүк автомобильдеріне және автобустарына арналған және де бекіту орны 1 тұрпатты нөмір белгілерінің көлеміне сәйкес емес заңды тұлғалардың жеңіл автомобильдеріне арналған артқы нөмір белгісі.

г) 2 А Тұрпаты-жүк автомобильдеріне және автобустарға арналған және де бекіту орны 1 А тұрпатты нөмір белгілерінің көлеміне сәйкес емес жеке тұлғалардың жеңіл автомобильдеріне арналған артқы нөмір белгісі.

д) 3 Тұрпат-мотокөлік құралдарына (мотоциклдар, мотороллер- лер) арналған;

е) 4 Тұрпат- тракторларға арналған;

ж) 5 Тұрпат- жүк және жеңіл автомобильдердің тіркемелеріне және жартылай тіркемелеріне арналған;

и) 6 Тұрпат-тракторлар тіркемелеріне арналған;

к) 7 Тұрпат-жол қатынасына қатысуға уақытша рұқсат етілген көлік құралдарына арналған.

л) 1Г Тұрпаты-дипломатиялық, консулдық, сауда өкілдіктерінің және олардың қызметкерлерінің жеңіл автомобильдеріне арналған алдыңғы және артқы нөмір белгілері;

м) 2Г Тұрпаты-бекіту орны 1Г тұрпатты нөмір белгілерінің көлеміне сәйкес емес дипломатиялық, консулдық, сауда өкілдіктерінің және олардың қызметкерлерінің жеңіл автомобильдеріне арналған артқы нөмір белгісі;

н) 1 Д Тұрпаты-Шетел фирмалары өкілдерінің, әуе компанияларының, банкілер мен басқа шетел ұйымдарының, корреспонденттер, мамандар, азаматтар мен Қазақстан Республикасында тұрып жатқан азаматтығы жоқ азаматтардың немесе шетелге кететіндердің автомобильдеріне, сонымен қатар шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ азаматтарға прокатқа ұсынылған автомобильдерге арналған артқы және алдыңғы нөмір белгілері.

п) 2Д Тұрпаты-бекіту орны 1Д тұрпатты нөмір белгілеріне сәйкес емес шетел фирмалары өкілдерінің, әуе компанияларының, банкілер мен басқа шетел ұйымдарының, корреспонденттер, мамандар, азаматтар мен Қазақстан Республикасында тұрып жатқан азаматтығы жоқ азаматтардың немесе шетелге кететіндердің автомобильдеріне, сонымен қатар шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ азаматтарға прокатқа ұсынылған автомобильдерге арналған артқы нөмір белгілері.

р) 1Е тұрпаты-ООН өкілдіктерінің автомобильдеріне арналған алдыңғы және артқы нөмір белгілері.

4.2 Нөмір белгілерінің сериялары

Нөмір белгілерінің 1, 1А, 2, 2А, 3, 4, 5,6 ,7 сериялары Қазақстан Республикасының жол қатынасы қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органымен белгіленеді.

1Г, 1Д, 2Г, 2Д тұрпаттарының нөмір белгілері сериямен дайындалады:

CMD - дипломатиялық өкілдер басшыларының автомобильдеріне арналған төрт цифрлы;

D - дипломатиялық және консулдық өкілдерінің және олардың дипломатиялық құрамы автомобильдеріне арналған;

Т - әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің және дипломатиялық, консулдық өкілдерінің қызмет көрсететін персоналы, шетелдік сауда өкілдіктері автомобильдеріне арналған;

М - шетел фирмаларының, әуе компанияларының, банкілер мен басқа мекемелер автомобильдеріне арналған;

К - шетел корреспонденттер автомобильдеріне арналған;

Н - шетел мамандарының, Қазақстан Республикасында тұратын азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар автомобильдеріне, сонымен қатар шетел тұлғаларына және прокатқа ұсынылған азаматтығы жоқ тұлғалар автомобильдеріне арналған;

Р - Қазақстан Республикасынан біржолата әкетуге байланысты есептен шығарылған автомобильдерге арналған.

1Е Тұрпатты нөмір белгілері ООН өкілдіктері автомобильдеріне арналған UN сериясымен дайындалады.

4.3 Нөмір белгілерінің құрылымы

4.3.1 Нөмір белгілерінің құрылымы 1 кестеге сәйкес болу тиіс:

1Кесте

Нөмір белгісінің тұрпаты	Нөмір белгісінің құрылымы
I тұрпат (бір жолды)	А ООО НН
I А тұрпат (бір жолды)	АООО ННМ
I Г, I Д (бір жолды)	НОООООО
CMD сериялы I Г, IД тұрпат (бір жолды)	ННН ОООО
UN сериясы бар I Е тұрпат (бір жолды)	ННООО
2 тұрпат (екі жолды)	А ООО НН
2А тұрпат (екі жолды)	А ООО ННМ
CMD сериялы 2 Г тұрпат (екі жолды)	ННН ОООО

2Д тұрпат (екі жолды)	НООО ООО
3 тұрпат (екі жолды)	ОООО АН
4 тұрпат (екі жолды)	ООО Т АНН
5 тұрпат (екі жолды)	ОООО АН
6 тұрпат (екі жолды)	АНН ТООО
7 тұрпат (үш жолды)	TRANZIT ОООО АН
Ескерту-Нөмір белгілерінің құрылымында әріптердің төмендегі мағыналары бар А- 1) 1,1А, 2,2А,3,4,5,6,7 тұрпаттардың көлік құралдарының нөмір белгілеріне кіретін республика аймағын (облысын) белгілеуге арналған әріптік код; 2) 1Г, 1Д; 2Г,2Д,1Е нөмір белгілерінің тұрпаттары белгіленген көлік құралдарына жатуы; - О және Н - нөмір белгілерінің цифрлық нөмірі мен әріптік сериясын белгілейтін цифр мен әріп; М - жеке тұлғалардың көлік құралдарына жататындығын көрсететін әріптік код; Т- тракторлар мен тіркемелердің нөмір белгілеріне кіргізілетін әріптік код.	

4.3.2 Республика аймақтарына (облыстарына), Қазақстан Республикасында тіркелген заңды және жеке тұлғаларға, дипломатиялық, консулдық және басқа шетел өкілдіктеріне, сонымен қатар шетел корреспонденттеріне, мамандарға, Қазақстан Республикасында тұратын азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға нөмір белгілерінің әріптік кодтары, сандық нөмірі мен әріптік серияларының бекітілуі Қазақстан Республикасының жол қатынасы қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органымен жүргізіледі.

5 Техникалық талаптар

5.1 Нөмір белгілері осы стандарт талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасында жол қатынасы қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органымен келісілген және белгіленген тәртіпте бекітілген технологиялық және конструкторлық құжаттама, үлгі-эталондар бойынша дайындалуы керек.

Нөмір белгілері ГОСТ 15150 бойынша УХЛ 1 климаттық жағдайларында пайдалануға арналған.

5.2 Қолданылатын материалдар

5.2.1 1-6 тұрпаттардың нөмір белгілерін дайындау үшін пайдаланылады:

- қалыңдығы 0,8 мм кем емес, ГОСТ 13726 бойынша коррозияға тұрақты АМц маркаларының алюминий қорытпаларынан жасалған таспалар;
- ақ, сары, қызыл немесе ашық-көгілдір түсті жарық қайтарғыш пленка;
- дайындамалар (жарық қайтарғыш пленка түсірілген таспа). Түрлі өндірушілер дайындамалар мен нөмір белгілерін дайындаған кезде дайындамалар дербес жеткізу заты болуы мүмкін;
- ыстықтай айналдырылған полиэстерол пленка (фольга)-рәміздерді (сандарды, әріптерді) түсіруге және нөмір белгілерін жиектеуге арналған материал ретінде.

Алюминий қорытпалар мен дайындамалардан жасалған қолданылатын таспалардың беті жазық және тегіс, қабыршықсыз болу тиіс.

Жарық қайтарғыш және полиэстер пленкаларға қойылатын талаптар нөмір белгілерінің 5.3.8-5.15 талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету тиіс.

5.5.2 7 Тұрпатты нөмір белгілерін дайындаған кезде ГОСТ 21444 бойынша бор немесе ГОСТ 597 сызба қағаз пайдаланылады.

5.2.3 Нөмір белгілерін (дайындамаларды) дайындаған кезде қажетті сапаны, қауіпсіздікті, жарық қайтарғыш қабілетін және нөмір белгілері қызметінің белгіленген кепілдік мерзімін қамтамасыз ететін басқа материалдарды қолдануға болады.

5.3 Дайындамалар мен нөмір белгілеріне қойылатын талаптар.

5.3.1 Төмендегі тұрпатты нөмір белгілері:

- I, IA; I Г, 2Г; ID, 2Д; IE; 2, 2A; 3;7 тұрпаттарының нөмір белгілері тік бұрышты нысанды болу тиіс.
- 4, 5, 6 тұрпаттардың төменгі (жоғарғы) бұрыштары кесілген тік бұрыштары мен жиектері болу тиіс.

Нөмір белгілерін рәсімдеу үлгісі А қосымшасында, рәміздер көлемі Б,В, және Г қосымшаларында келтірілуі тиіс.

5.3.2 Дайындамалар мен нөмір белгілерін екі түрде дайындайды:А және В.

А түрі - шеті домалақ, тік бұрыш нысанды және жиегі нысандалған ені 6,5мм нысан тереңдігі 1мм кем емес.

В түрі - жоғарғы немесе төмен жағында екі кесілген бұрышы бар тік бұрыш нысанды және нысандалған жиегінің ені 6,5мм және нысан тереңдігі 1мм кем емес.

5.3.3 Дайындамалар мен нөмір белгілерінің негізгі түрлері мен мөлшері 2 кестенің талаптарына сәйкес болу тиіс.

2 Кесте

Дайындамалар мен нөмір белгілерінің түрі	Нөмір белгілерінің тұрпаттары	Көлемдік мөлшері, мм
А түрі	I, I А, I Г, I Д, I Е,	520х112х2,3*
А түрі	2, 2А, 2 Г, 2 Д	280х202х2,3*
А түрі	3	240х202х2,3*
В түрі	4	288х202х2,3*
В түрі	5	288х202х2,3*
В түрі	6	288х202х2,3*
А түрі	7	260х240
Анықтамалық мөлшері қолданылатын материал қалыңдығымен анықталады. Ескерту - Келтірілген көлемдерден рұқсат етілетін ауытқулар нөмір белгілерінің нақты тұрпатының конструкторлық құжаттамалармен анықталады.		

5.3.4 1,1А,2, 2А, 3, 4, 5, 6, 7 тұрпаттарына арналған нөмір белгілерінің фоны (алаңы) ақ түсті, рәміздері (сандары, әріптері) - қара түсті.

CMD, Д және Т серияларының 1Г және 2Г тұрпаттары нөмір белгілерінің фоны (алаңы)-қызыл түсті, рәміздері (сандары, әріптері)- ақ түсті.

М, К, Н, Р серияларының 1Д және 2Д тұрпаттарының нөмір белгілерінің фоны (алаңы)-сары түсті, рәміздері (сандары, әріптері)- қара түсті.

М, К, Н, Р серияларының 1Д және 2Д тұрпаттарының нөмір белгілері бар автомобиль және мотокөлік құралдары тіркемелерінің нөмір белгілері-сары түсті рәміздері (сандары, әріптері)-қара түсті және жиектері бар.

1Е тұрпатты тіркеу белгілерінің фоны (алаңы) - көгілдір түсті, рәміздері (сандары, әріптері) - ақ түсті.

5.3.5 Нөмір белгілері дайындамаларына рәміздерді (әріптер мен сандарды) және жиектеуді түсіру технологиясы белгіні бұзуға немесе қолданылатын материал құрылымын өзгертуге келтіретін нөмір белгілерін пайдалану процесінде өзгеру мүмкіндігін жою тиіс.

5.3.6 Нөмір белгілерінің бет жағындағы рәміздер (сандар, әріптер) шрифты ГОСТ 3489.2 бойынша, ал тыс жағындағы шрифты ГОСТ 3489.17 бойынша орындалады.

7 Тұрпаттан басқа барлық тұрпатты нөмір белгілерінің рәміздері (сандары мен әріптері) рельеф биіктігі белгі алаңына 1 мм кем емес дөңес болу тиіс.

7 тұрпатты нөмір белгісіндегі рәміздер (сандар, әріптер) типографтық тәсілмен немесе трафарет көмегімен орындалуы тиіс және анық, бұлдыр болмау тиіс.

Әріптер мен цифрлар биіктігі 76 мм болу тиіс және штрих ені 11 мм болу тиіс.

5.3.7 Нөмір белгілерінің барлық тұрпаттарының цифрларына, әріптеріне, қаттылық қабырғаларына, 7 тұрпаттан басқа, 5.3.4 ескерілген тиісті түсті ыстықтай айналдырылған полиэстер пленка (фольга) түсіріледі. Ондайда цифрлардың, әріптердің, қаттылық қабырғалардың бедерлік жағына 1мм көп пленка (фольга) қаптауы рұқсат етілмейді.

5.3.8 Ақ түсті алаңы бар дайындамалар мен нөмір белгілері ең көп көлемі көлденең 100 мм тік 50 мм белгінің барлық алаңы бойынша көп тиражды, мөлшері 15х10 мм эллипс тәрізді шеңберге алынған, «KZ» рәмізін көрсететін жасандылардан қорғау элементі болу тиіс. Көлденеңі бойынша қорғау қатарының сандары Д қосымшасына сәйкес, екіден кем болмау тиіс

5.3.9 Жасандыдан қорғау элементтері нөмір белгілері сапасының көрсеткіштеріне әсер етпеуі тиіс, сурет-және түсті метрлік сипаттамаларды қоса.

Жасандыдан қорғау элементтері нөмір белгілері қызметінің кепілдік мерзімі ішінде сақталуы тиіс.

5.3.10 Нөмір белгілерінің барлық тұрпаттары шашыраңқы күндізгі жарықта жарықтандырған кезде 40 метрден кем емес қашықтықтан оқылуы тиіс (таңертеңгі шарттар).

5.3.11 Артқы нөмір белгісі көлік құралдарының штаттық шамымен (артқы нөмір белгісін жарықтандыруға арналған құрылғы) жарықтандырған кезде тәуліктің қараңғы уақытында 20 м кем емес қашықтықтан оқылуы тиіс.

5.4 Нөмір белгілерінің фотометрикалық қасиеттеріне қойылатын талаптар

5.4.1 Нөмір белгілері алаңын жабудың жарық қайтару коэффициенті А МЭК жарығының стандарттық көздерімен немесе аспаптың арналуы және метрологиялық сипаттамасы бойынша басқа ұқсаспенен жарықтандырған кезде 3 кестеде көрсетілген мағыналардан кем емес болу тиіс. Ондайда жарықтандыру бұрышы және бақылау бұрышы бір жазықтықта болу тиіс. Үлгінің оралған бұрышы 0° 80′ көп болмау тиіс

3 Кесте

Жабу түсі	Бақылау (бұрышы*)	Жарық қайтарғыш коэффицентінің мағынасы, кд/(лк-м^2), жарықтандыру (бұрышында**)			Жарықтық, лк
		5°	30°	40°	Мах
Ақ	0°12′	45	18	8	250
	0°20′	30	12	6	
	1°30′	3,5	2	0,7	
Сары	0°12′	30	12	5	

	0°20′	20	8	4	250
	1°30′	2,3	0,8	0,4	
Қызыл	0°12′	14,5	6	2	250
	0°20′	10	4	1,8	
	1°30′	0,8	0,4	0,3	
Ашық-көгілдір	0°12′	18	10	7	250
	0°20′	13	7	3	
	1°30′	1,5	0,8	0,5	
* Бақылау бұрышы-жарық түсу бағыты мен бақылау бағыты арасындағы бұрыш. * * Жарықтандыру бұрышы - жарық қайтарғыш бетке жарық түсу бағыты мен перпендикуляр арасындағы бұрыш					

5.4.2 Нөмір белгісіне судың мол әсерінде жарық қайтарғыш коэффиценті 3 кестеде көрсетілген мағынадан 90% кем болмау тиіс.

5.4.3 Жарықтығынан жергілікті ауытқыған кезде фотометриялық өлшеулерді бақылау бұрышы 0°20′ және жарықтандыру бұрышы 5° жүргізеді. Жарық қайтарғыш коэффицентін бақыланатын жарықтық ауытқу аумағында мөлшері 50 х 50 мм бірнеше көрші алаңдарда өлшейді. Ондайда жарық қайтарғыш коэффицентінің ең көп мағынасының ең азға қатынасы 2-ден аспауы тиіс.

5.5 Нөмір белгілерінің түсті метрикалық сипаттамаларына қойылатын талаптар

Күндізгі уақытта

Нөмір белгілерінің жарық қайтарғыш жабуларының түсі 4 кестеде көрсетілген, түстік координатасымен шектелген аумақ шегінде болу және жарықтықтың тапсырылған коэффицентіне сәйкес болу тиіс.

4 Кесте

Пленка түсі		Рұқсат етілетін түстік салалардың бұрыштық нүктелерінің түстік координаты				Жарықтық коэффицент і
		Түстік салалардың бұрыштық нүктелерінің нөмірлері				
		1	2	3	4	
Ақ	х	0,355	0,305	0,285	0,355	≥ 0,35
	у	0,355	0,305	0,325	0,375	≥ 0,35
Қызыл	х	0,690	0,595	0,569	0,655	≥ 0,05
	у	0,310	0,315	0,341	0,345	≥ 0,05
Сары	х	0,545	0,487	0,427	0,465	≥ 0,27
	у	0,454	0423	0,483	0,534	≥ 0,27

Ашық-көгілдір	x	0,105	0,181	0,270	0,230	> 0,1
	y	0,271	0,094	0,245	0,275	> 0,1

Түнгі уақытта

А МЭК жарығының стандарттық көздерімен немесе 5° бұрышында және 0°20′ бақылағанда арналуы және метрологиялық сипаттамасы бойынша басқа ұқсастармен үлгіні жарықтандырған кезде жарық қайтарғыш беттің (жаңа белгінің) түсі 5 кестеде көрсетілген түстік координатымен шектелген аумақ шегінде болу тиіс.

5 Кесте

Түсі	1	2	3	4
Ақ				
x	0,450	0,548	0,417	0,372
y	0,513	0,404	0,359	0,405
Сары				
x	0,585	0,610	0,520	0,505
y	0,385	0,390	0,480	0,465
Ескерту - Түнгі уақытқа арналған қызыл және ашық - көгілдір нөмір белгілерінің түс метрикалық сипаттамаларының мағынасы оларды жасағанына байланысты стандартқа кіргізіледі.				

Нөмір белгілерінің беті төзімді болу тиіс:

5.6 жоғары және төмен температура әсеріне. Жоғары және төмен температура әсерінен кейін жарық қайтарғыш жабуында, сандары мен әріптерінде жарық, көтерілу немесе жабудың түсі өзгеруі болмау керек.

5.7 Соққыға. Соққы әсерінен кейін жарық қайтарғыш жабуында соққы аумағынан 5 мм көп қашықтықта жарығы, қабыршықтануы байқалмау керек.

5.8 Майысуға. Майысуға сынаған кезде жарық қайтарғыш жабуда жарық болмау тиіс.

5.9 Су әсеріне. Су әсерінен кейін жабуда бұзылу іздері болмау керек.

5.10 Жылы әсеріне. Жылы әсерінен кейін жабуда бұзылу іздері болмау тиіс.

5.11. Тұз тұман әсеріне төзімді болу тиіс. Тұз тұман әсерінен кейін жабудың тиімді жұмысына әсер ететін бұзылу және коррозия іздері болмау керек.

5.12 Тазалауға. Бұл жағдайда бұзылу іздері байқалмау тиіс.

5.13 Жарық қайтарғыш жабудың адгезиясы минус 20°С температурада нөмір белгілері үлгілерін шартқа сәйкестендіргеннен кейін жарық қайтарғыш жабудың қабықтануы байқалмау тиіс.

5.14 Рәміздерге (сандарға, әріптерге) түсірілетін пленка (фольга) адгезиясы және нөмір белгілерінің қаттылық қыры жарық қайтарғыш жабуға

төрт бал бағалауда 2 балдан және үш бал бағалауда 1 баллдан төмен болмау тиіс.

5.15 Қауіпсіздік талаптары

5.15.1 Өндіргенде қолданылатын жарық қайтарғыш белгі пленкалары, ыстық накаткалы пленкалар (фольгалар) және дайын нөмір белгілері адамдардың өміріне және денсаулығына қауіпті емес.

5.15.2 Нөмір белгілерін өндірген кезде жұмыс аумағы ауасында зиянды заттардың шекті рұқсат етілетін концентрациялары (ШРК) ГОСТ 12.1.005 бойынша белгіленген нормативтен аспау тиіс.

5.15.3 Жабдық қауіпсіздігінің талаптары ГОСТ 12.2.003 бойынша.

5.15.4 Ыстық накаткалы пленкалар түсірілуі жүзеге асырылатын жұмыс бөлмелері мен орындары сорып шығаратын ауа жаңартқышпен жабдықталуы тиіс.

5.16 Таңбалау және буып-түю

5.16.1 Әр тіркеу белгісінде сырт жағында дайындаушы-кәсіпорынның тауар белгісі түсірілуі керек. Тауар белгісі өшірілмейтін және пайдаланудың белгіленген кепілдік мерзімі ішінде анық көрінетін болу тиіс.

5.16.2 Дайын нөмір белгілері мен дайындамалар (дербес жеткізген кезде) ГОСТ 10354 бойынша пакеттерге немесе полиэтилен пленкалардан жасалған конверттерге дайын белгілердің 25 жинақтамасынан және 50 дайындамадан көп емес мөлшерде буып түйіледі. Буып-түйген кезде нөмір белгілерінің бет жағы бұзылудан сақталынуы тиіс.

5.16.13 Орама бұйымдары ГОСТ 9142 бойынша 4 пакеттен (конверттен) картон қораптарға салынады.

Қораптарда төмендегілер көрсетіліп таңбалау түсіріледі:

- дайындаушы-кәсіпорын атауы мен тұрған жері, оның тауар белгісі (бар болса);
- өнім атауы;
- нөмір белгілерінің (дайындамаларының) тұрпаттары;

Қорап ішіне келесі ақпараты бар орама парағы салынады:

- дайындаушы - кәсіпорын атауы мен тұрған жері, оның тауар белгісі (бар болса);
- өнім атауы;
- нөмір белгілерінің (дайындамаларының) тұрпаты.

Қорап ішіне төмендегі ақпараты бар орама парағы салынады:

- дайындаушы - кәсіпорын атауы мен тұрған жері, оның тауар белгісі (бар болса);
- өнім атауы;

- нөмір белгілерінің (дайындамаларының) тұрпаты.
- серия белгілері (нөмір белгілеріне арналған)
- сериянның бірінші және соңғы белгілерінің нөмірі (нөмір белгілеріне арналған);
- буып - түйілген күні;
- нөмір белгілерінің (дайындамаларының) саны;
- буып-түюшіні сәйкестендіруге мүмкіндік туғызатын кез келген тәсілмен немесе тегін көрсетіп, арнайы мөр көмегімен немесе оның қолымен түсірілген буып-түюші туралы деректер;
- осы стандарт белгілері.

5.16.4 Тұтынушыға жіберілетін нөмір белгілерінің әр топтамасы 8 бөлімге сәйкес пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен қоса жіберіледі.

5.16.5 Көлік ыдысының таңбалауы ГОСТ 14192 бойынша.

5.16.6 Өнім және көлік ыдысын таңбалау, пайдалану жөніндегі нұсқаулар мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалады.

6 Қабылдау ережелері

6.1 Нөмір белгілерін (дайындамаларды) қабылдауға топтамамен ұсынады. Топтама деп бір қабылдау-тапсыру құжатымен рәсімделген нөмір белгілерінің кез келген саны есептеледі.

Қабылдаған кезде нөмір белгілері (дайындамалар) қабылдау-тапсыру және дүркін сынауға жатады.

6.2 Қабылдау-тапсыру сынауларды жүргізген кезде топтамадан бірдей материалдарды қолданып, бір технологиялық жабдықта дайындалған нөмір белгілерінің 3% кем емес алынады.

Үлгілер 4.3, 5.3.1-5.3.9; 5.16 т. талаптарына сәйкестігіне тексеріледі.

5.3.8 талаптарына сәйкестігін бақылау әріп пен цифрларды түсірмей бір үлгіде жүргізіледі.

6.3 Дүркін сынаулар 5.3.10-5.3.11; 5.4-5.14 талаптарына сәйкестігіне үш жылда бір реттен кем емес жүргізіледі. Сынаулар 9 үлгілерде жүргізіледі.

Төмендегі тармақтар талаптарына сәйкестігіне сынау үшін:

- 5.3.10 және 5.3.11 - көлік құралына қондыру үшін дайын нөмір белгісінің бір үлгісі пайдаланылады;
- 5.4 және 5.5 - сандар, әріптер және жиектеу түсірмей бір үлгі пайдаланылады;
- 5.6 және 5.13; 5.10 және 5.12 - бүйірінде 10 см кем емес кеңістігі бар, ортасында екі саны және әріпі бар нөмір белгісі үлгісінің жартысына тең бір фрагмент бойынша пайдаланылады.
- 5.7; 5.8; 5.9; 5.11; 5.14- бүйірінде 10 см кем емес кеңістігі бар, ортасында екі саны және әріпі бар нөмір белгісі үлгісінің жартысына тең бір

фрагмент бойынша пайдаланылады. 5.8 сәйкестігіне бақылау үшін үлгіде жоғарғы және төмен жиектелген шеттері болу тиіс.

6.4 Дайындамалар сапасы 5.3.2; 5.3.3; 5.3.5; 5.3.8 сәйкестігіне бақыланады.

6.5 Егер сынау процесінде ең болмаса талаптарының бірінен үлгілер сәйкессіздігі белгіленсе, онда сынаулар нәтижелері қанағаттандырылмаған болып саналады және сол топтамадан алынған нөмір белгілері (дайындамалары) үлгілерінің екі есе санына қайта сынаулар жүргізіледі.

Қайта сынаулар нәтижелері соңғы болып табылады және барлық топтамаға таралады.

6.6 Нөмір белгілеріне сертификаттау жүргізген кезде үлгілерді сынау 5.3.6., 5.3.7, 5.4-5.15 белгіленген, халықтың өмірі, денсаулығы, мүлігі, және қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігіне жүргізеді.

6.8 Жұмыс орнында санитарлық-гигиеналық көрсеткіштердің бақылау (5.15) белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының мемсанэпидқадағалау органдарымен жүргізіледі.

7 Бақылау әдістері

7.1 Қолданылатын материалдардың сапасын тексеру кіріс бақылауда күші бар нормативтік құжаттамалардың талаптарына, сапа туралы қоса жіберілетін құжаттарға және немесе дайындаушы мойындаған сертификаттармен жүзеге асырылады

7.2 Құрылымның, нысанның, нөмір белгілерінің сыртқы түрі мен таңбалау деректерінің 4.3, 5.3.1, 5.3.2, 5.3.4, 5.3.5, 5.3.7, 5.3.8, 5.3.8, 5.3.9; 5.16 сәйкестігі көзбен шолып анықталады.

Белгіленген көлемге сәйкестігі, нөмір белгілерінің, дайындамалардың, сандардың, әріптердің және қорғау элементтерінің, жиектеу ені және нысандау тереңдігі көлемін қоса (5.3.2, 5.3.3, 5.3.6) ГОСТ 427 бойынша металл сызғышты және ГОСТ 166 бойынша штангенциркульді қолданып анықталады.

7.3 5.3.10 және 5.3.11 талаптарын тексеру көлік құралының шатты шаммен (артқы нөмір белгісін жарықтандыруға арналған құрылғы) жарықтандырған кезде шашыраңқы күндізгі жарық жағдайларында (таңертеңгі) және түнгі уақытта нөмір белгілерін көлік құралына қондырғаннан кейін жүргізіледі.

7.4 Қорғау элементтерінің сапасы екі тәсілмен тексеріледі.

Зертхана жағдайларында қорғау элементтерін көзбен шолып тексеру. Зертхана жағдайларында қорғау элементтерін тікелей тексерген кезде шашыраған күндізгі жарықта «KZ» рәміздері жақын жерден (0,6 м кем емес), мөлшерге қатысты (30±5)° шолу бұрышы аздап өзгерген кезде көрінуі тиіс.

90° Бұрышқа үлгі жағдайын өзгерткен кезде алғашқы тікелей жағдайдан «KZ» рәмізі табылмауы керек.

Қорғау элементтерін тексеру аспаптық тәсілмен жүргізіледі. Дала немесе зертханалық жағдайларда қорғау элементтерін тексерген кезде «жарық қайтарғыш» шоғыры бағытталған көздерімен жарықтандырылған кезде «KZ» рәміздері жақын жерден (0,6м кем емес) нормаға қатысты шолу бұрышы (30±5)°-та көрінуі тиіс. Көздер ретінде ГОСТ 4677 бойынша кез келген қуаттылығы бар шам пайдалануы мүмкін. Бақылаған кезде шамның жарық шоғыры көру бұрышының бағыты бойынша орналасуы керек

Барлық жағдайларда қорғау элементтерінің «көрінуі» рәміздердің қарқынды жарықтандырудың көбейтілген дәрежесінде және қосымша «күміс» түсін алуда көрінуі тиіс.

7.5 Нөмір белгілері бетінің жарық қайтарғыш коэффицентін анықтауды МЭК ұсынысы бойынша А МЭК жарығының стандарттық көзімен жарықтандырған кезде немесе арналуы бойынша және метрологиялық сипаттамасы бойынша басқа ұқсас аспаптармен және күші бар құжаттама бойынша люксметрмен жарықтандыруды өлшеген кезде жасайды.

Жарықтандыру бұрышы және бақылау бұрышы бекітілуі тиіс және жарық көзін үлгі ортасымен қосатын сызықтың қарама қарсы беттерінде болуы тиіс.

Үлгіні бұрау бұрышы 0°80′ көп болмау тиіс.

Жарықтықта жергілікті ауытқуларды тапқан кезде тексеру 0°20′ бақылау бұрышында және 5° жарық бұрышында жүргізіледі. Жарықтықтың бақыланатын ауытқулары аумағында мөлшері 50х50мм бірнеше көрші алаңдарда жарық қайтарғыш коэффицентін өлшейді. Ең көп көрсетудің ең азға қатынасы 2 ден аспауы тиіс.

Нөмір белгілерінің жарық қайтарғыш беттерінің фотометрикалық сипаттамасының мағынасы 5.4 талаптарына сәйкес болу тиіс.

7.6 Жарық қайтарғыш жабуының түс метрикалық сипаттамасын анықтау нөмір белгілері нормасына 45° бұрышында орналасқан ГОСТ 7721 бойынша Д 65 стандартты жарық көздерімен жарықтандырған кезде, МЭК ұсынысы бойынша А МЭК көздерімен немесе арналуы және метрологиялық сипаттамасы бойынша басқа ұқсас аспаптармен, 5° бұрышында және 0°20′ бақылауда жасалады. Өлшеуді нөмір белгісі нормасына бойлай жүргізеді. Өлшеу нәтижелері 5.5 талаптарға сәйкес болу тиіс.

7.7 Нөмір белгілерінің жарық қайтарғыш бетінің тұрақтылығы жоғары және төмен температура әсеріне келесі түрде анықталады:

Үлгілерді төмендегі тізбекте климаттық камерада ұстайды:

а) (65±2) ° С температурада және 5% дан 15% дейін салыстырмалы ылғалдықта 7 сағат;

б) (23±5) ° С температурада және 40% дан 60% дейін салыстырмалы ылғалдықта 1 сағат;

в) минус (20±2) ° С температурада 15 сағат.

Егер үлгілердің жабуы 5.6 талаптарына сәйкес болса сынау нәтижелері жағымды.

7.8 Соққыға нөмір белгілерінің жарық қайтарғыш бетінің тұрақтылығы келесі түрде анықталады:

Сынауға арналған үлгіні тоңазытқыш камерада бір сағат ішінде (20±2) ° С температурада ұстайды. Тоңазытқыш камерадан шығарғаннан кейін үлгіні қатты негізге (ГОСТ 380 бойынша болаттан жасалған немесе ГОСТ 1412 бойынша шойыннан жасалған қалыңдығы 12,5 кем емес тақтаға) жарық қайтарғыш бетімен жоғары қаратып салады, соңынан ГОСТ 380 бойынша болаттан жасалған, диаметрі 25 мм болат шарды 2 м биіктіктен тастайды.

Талаптардың сақталуын ГОСТ 166 бойынша штангенциркуль қолданып техникалық қараумен тексереді.

Сынаулар нәтижелері дұрыс деп саналады, егер үлгілердің жабуы 5.7 талаптарға сәйкес болса.

7.9 Майысуға нөмір белгілерінің жарық қайтарғыш бетінің тұрақтылығы келесі түрде анықталады:

Сынауларды плюс (23±5°) температурада жүргізеді. Үлгіні оправкада диаметрі 50мм 2 аралығында 90° дейін бұрыш пайда болғанша майыстырады. Сынаулар жүргізген кезде нөмір белгілерінің үлгісі жарық шағылыстыру жабуымен сыртқа бұрылуы керек.

Сынаулар нәтижелерін көзбен шолып тексереді. Сынаулардан кейін үлгі 5.8 талаптарына сәйкес болу керек.

7.10 Нөмір белгілерінің жарық қайтарғыш жабуының суға төзімділігі келесі түрде анықталады:

Нөмір белгілерінің үлгісін тазартылған суы бар ваннаға плюс (23±5)° температурада 24 сағатқа салады, соңынан плюс (23±5)° температурада, 40% дан 60% дейін салыстырмалы ылғалдықта 48 сағат ішінде кептіреді.

Сынаулар нәтижелерін көзбен шолып тексереді. Сынаулардан кейін үлгі 5.9 талаптарына сәйкес болу керек.

7.11 Жылыға нөмір белгілерінің жарық қайтарғыш беттерінің тұрақтылығы сыналатын жылы қоспасында мына құрамда: 70% п-гентан және 30% толуолда үлгіні 1 минут ішінде кондинционирлеумен тексеріледі. Сынаулар нәтижелері дұрыс деп саналады, егер көзбен шолып тексергеннен кейін үлгінің жарық шағылыстыру жабуы 5.10 талаптарына сәйкес болса.

7.12 Тұз әсеріне нөмір белгілерінің жарық қайтарғыш тұрақтылығы тұз тұманында үлгіні кондиционерлеумен тексеріледі:

тұз тұманын (35±2) ° С температурада 5 % натрий хлоридінен тұратын ерітіндіні тозаңдатып және 95% тазартылған судан жасайды.

а) 22 сағат ішінде үлгіні тұз тұманы әсеріне салады;

б) 2 сағат ішінде үлгіні ауа ылғалдылығы 40% тен 60% дейін және (23±5) ° температурада кептіреді;

в) 22 сағат ішінде үлгіні қайтадан тұз тұманы әсеріне салады;

Кондиционерлеудің белгіленген тәртібі біткен соң үлгіні сумен жуады, сүртеді және қарайды. Сынау нәтижелерін дұрыс деп есептейді, егер көзбен шолып бақылағаннан кейін үлгінің жабуы 5.11 талаптарына сәйкес болса.

7.13 Тазалауға нөмір белгілерінің жарық қайтарғыш жабуының қабілеті келесі түрде тексеріледі.

Нөмір белгілерінің жарық қайтарғыш қабілеті мотор немесе трансмиссиондық майы немесе графит қоспасымен майланады. Сынаған кезде қолданылатын май мен графиттің маркалары және қоспа құрамы реттемеленбейді.

Сонан соң бейтарап жуу құралымен жуып, жабуды әлсіз еріткішпен (гептанмен) сүртеді. Сүртетін материалдар, қолданылатын еріткіштің және жуатын ерітіндінің маркасы реттемеленбейді.

Сынау нәтижелері дұрыс деп есептеледі, егер тазалау дәрежесін көзбен шолып бақылағаннан кейін жарық қайтарғыш жабудың сапасы 5.12 талаптарына сәйкес болса.

7.14 Жарық қайтарғыш жабудың адгезиясын анықтау үшін нөмір белгісінің үлгісін минус (20±2)° С температурада тоңазытқыш камерада 1 сағат ішінде ұстайды. Сынау нәтижелерін дұрыс деп есептейді, егер көзбен шолып бақылағаннан кейін үлгінің жабуы 5.13 талаптарына сәйкес болса.

7.15 Жарық қайтарғыш бетке ыстық накатканың пленка адгезиясы (фольгасы) тор және қосарлас кесік әдістерімен тексеріледі.

Сынауларды екі нөмір белгілерінде және әр белгінің үштен кем емес рәміздерінде жүргізеді.

7.15.1 Тор кесіктер әдісі







Нөмір белгілері үлгілерінің әр сыналатын рәміздерінде кесетін аспаппен (кез келген ұстауышы бар ұстара жүзі, кесетін жағының егеу бұрышы 20° тан 30° дейін бір немесе көп жүзді пышақ және жалпақтығы 0,05мм ден 0,10мм дейін лезвия жүзі) бір бірінен 1мм қашықтықта орналасқан пазасы бар үлгі немесе сызық бойынша алты параллель кесіктерді жарық шағылыстырғыш пленкаға дейін рәміз штрихының барлық көлеміне бір бірінен 1 мм қашықтықта жасайды.

Кесетін аспапты үлгі бетіне перпендикуляр ұстайды. Кесу жылдамдығы 20мм/с тан 40мм/с дейін. Ұқсас түрде перпендикуляр бағытта кесіктерді жасайды. Үлгі бетінде бірдей мөлшерлі (1х1)мм квадраттардан тор пайда болады. Жабу кесуді бақылау 2,5 - 4,0 мәрте көбейтіп, лупа көмегімен жүзеге асырылады.

Жабудың қабыршақтанған кесектерін 15 мм кем емес шаш ұзындығындай қыл боянышпен тор бетінде түзу және кері 5 реттен кем емес жүргізіп кетіреді.

Адгезияны 6 кестеге сәйкес төрт балды шкала бойынша көзбен шолып бағалайды.

6 Кесте

Баллдарда бағалау	Тор түрінде кескеннен кейін жабу бетін	Бақыланатын сурет
1	Кесіктердің шеті толық тегіс, тордың бір квадратында қабыршықтану белгілері жоқ.	 
2	Тор сызықтарының қиылысқан жерінде майда қабыршықтар түрінде жабудың аз-маз қабыршықтануы. Бұзылу тор бетінен 5% көп емес байқалады	 
3	Тор кесіктеріне бойлай немесе олардың қиылысқан жерінде жабудың жартылай немесе толық қабыршақтануы. Бұзылу тор бетінде 5% кем емес және 35 % көп емес байқалады	 
4	Тор бетінің 35% асатын жабудың толық немесе жартылай қабыршық-тануы	 



7.15.2 Параллель кесіктердің әдісі

Үлгіде рәміздердің штрихтарына бойлай 7.15.1 көрсетілгендей кесу аспабы көмегімен 1мм қашықтықта жарық қайтарғыш пленкаға дейін ұзындығы 20мм кем емес, бестен кем емес параллель кесіктер жасайды.

Кесіктерге перпендикуляр мөлшері (10х100) мм негізі полиэтилентерефталат жабысқақ таспаның бір тілімін жапсырып, бір ұшын жабыстырмай тығыздап басады.

Таспаны қақпағынан перпендикуляр тез жыртып алады. Адгезияны көзбен шолып 7 кестеге сәйкес үш балды шкала бойынша бағалайды.

7 Кесте

Баллдарда бағалау	Кесіктерді түсіргеннен және жабысқақ таспаны алғаннан кейін жабу бетін сипаттау	Байқалынатын сурет
1	Кесіктердің беті тегіс	
2	Тілімдердің ені бойынша кесіктерге бойлай фольганың аздап қабыршықтануы (0,5мм көп емес)	
3	Жабудың тілімдеп қабыршықтануы	

Сынаулар нәтижелері дұрыс деп саналады, егер көзбен шолып бақылағаннан кейін нөмір белгілері 5.14 сәйкес болса.

8 Нөмір белгілерін пайдалану және қондыру жөніндегі нұсқаулар

Төмендегі келтірілген нөмір белгілерін пайдалану және қондыру жөніндегі нұсқаулар мемлекеттік және орыс тілдерінде нұсқаулық түрінде ресімделеді және белгіленген тәртіпте нөмір белгілерін беруді жүзеге асыратын, жол қатынасы қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган ұйымдарында ілінеді.

8.1 1-6 Тұрпаттардың нөмір белгілері көлік құралы конструкциясымен арнайы ескерілген жерлерде қондырылады.

Белгілерді қондыратын жерлер көлік құралдары конструкцияларының элементтерімен қоршалмайтын, көлік құралдарын пайдаланған кезде нөмір белгілерінің ластанбайтын және оның оқылуы қиын болмайтын түрде таңдалуы керек.

8.2 Нөмір белгілерінің барлық тұрпаттары шашыраңқы күндізгі жарықта (таңертеңгі жағдайларда) жарықтандырған кезде 40 метрден кем емес қашықтықтан оқылуы тиіс.

Артқы нөмір белгісі көлік құралдарының штаттық фонарымен (артқы нөмір белгісін жарықтандыруға арналған құрылғы) жарықтандырылған кезде тәуліктің қараңғы уақытында 20м кем емес қашықтықтан оқылуы қамтамасыз етілуі тиіс.

8.3 Нөмір белгілері артқы және алдыңғы салбырап тұрған жердің бұрышын азайтпау, жарық және сыртқы жарық дабыл аспаптарын жауып тұруы керек.

8.4 Нөмір белгілерін бекіту үшін белгі алаңының түсі немесе гальваникалық жабуы бар болт немесе басы бар бұранда қолданылуы тиіс. Рама көмегімен белгілерді бекітуге болады. Болттар, бұрандалар және рамкалар белгілердегі әріптерді, сандарды немесе жиектеуді қалқаламау немесе бұрмаламау керек.

8.5 Белгіні органикалық әйнекпен немесе басқа материалмен жабуға болмайды.

8.6 Нөмір белгілерінде қосымша тесіктерді көлік құралдарында белгілерді бекітуге немесе басқа мақсаттармен арналған қосымша тесіктерді тесуге болмайды..

8.7 Нөмір белгілерінің отырғызатын тесіктерінің координаты көлік құралдарының отырғызатын тесіктерінің координатымен үйлеспеген жағдайда, белгілерді бекітуді 8.1 - 8.3 талаптары орындалуын қамтамасыз ететін өтпелі сындарлы элементтері арқылы жүзеге асырылады.

8.8 7 Тұрпатты нөмір белгілері:

- жеңіл автомобильдерде және автобустарда (екі белгі) - көлік құралы жүрісінің бағыты бойынша симметрия осі бойынша салон (кабина) ішінде оң жақта артқы және алдыңғы жел әйнектерде;

- жүк автомобильдері мен тракторларда (бір белгі) - көлік құралы жүрісінің бағыты бойынша симметрия осі бойынша кабина ішінде оң жақта алдыңғы жел әйнекте қондырылуы тиіс.

Мотоциклдар мен тіркемелерге арналған 7 тұрпатты нөмір белгілері жүргізушіде болу тиіс.

8.9 Тіркеу белгілерін күтуге қойылатын талаптар:

- нөмір белгілері бетінен жәй кірленуді киім және автомобиль жууға арналған синтетикалық жуу құралдары көмегімен кетіреді;

- шайыр, май және жол кірленуін кетіру үшін сақтық шараларын сақтап, органикалық емес спиртті немесе керосинді пайдалануға болады.

- абразивтік материалдармен және басқынды әсері бар қойылтылған химиялық құралдармен тазалауға тыйым салынады;

- хош иісті еріткіштер мен қоспаларды олардың құрамымен қолдануға тыйым салынады.

Тазалағаннан кейін бетін мұқият сумен жуу керек.

8.10 Егер рәміздерін оқуға қиын болса, нөмір белгілері ауыстыруға жатады.

9 Тасымалдау және сақтау

9.1 Нөмір белгілері сақталуын және атмосфералық тұнбалардан қорғалуын қамтамасыз еткен жағдайларда нақты көлік түрлерінде тасымалдауға күші бар ережелерге сәйкес жабық көлік құралының барлық түрлерінде тасымалданады.

9.2 Нөмір белгілері жабық құрғақ желдендірілетін бөлмелерде, поддондар мен сөрелерде сақталынады. Жылыту аспаптарынан қашықтығы 1 метрден кем болмау тиіс. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 70% дан 90% дейін. Нөмір белгілерін сілті және қышқыл буы болған жерде сақтауға болмайды.

Сақтау және тасымалдау шарттарының тобы 5 ОЖ4 ГОСТ 15150 бойынша.


10 Дайындаушы кепілдіктері

10.1 Дайындаушы тасымалдау, сақтау, қондыру және пайдалану шарттарын сақтаған кезде осы стандарт талаптарына 5 жыл ішінде нөмір белгілері сәйкестігіне кепілдік береді.


